

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ**

БЕКІТЕМІН

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті»
КЕ АҚ қабылдау комиссиясының
төрағасы профессор**

М.Ә.Төлеген

2025 ж.



**«Дін және теология» білім беру бағдарламалары тобы бойынша
шығармашылық емтихан**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Өскемен, 2025 ж.

Шығармашылық емтиханның бағдарламасы «Дін және теология» білім беру бағдарламалары тобына үміткерлер үшін жасалған.

Бағдарлама «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ директорлар кеңесі бекіткен «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау қағидалары негізінде жасалды " 07 " 06 2024 ж.

Шығармашылық емтихан бағдарламасы Қазақстан тарихы және Рухани жаңғыру кафедрасының отырысында талқыланды
2025 ж. 05 « 14 » № 9 хаттамасы

Кафедра меңгерушісі  Л.К.Жаманбаева

Шығармашылық емтиханның бағдарламасын Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің кеңесімен ұсынылды
2025 ж. 05 « 15 » № 9 хаттамасы

ГГЖМ кеңесінің төрайымы  С.К.Оразалин

Шығармашылық емтихан бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесінің бекітуіне ұсынылады
2025 ж. 06 « 03 » № 4 хаттамамен

УАК төрайымы  Н.Б.Алимбекова

НОРМАТИВТІК БАЗА

1 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (2024 жылғы 03.05 № 212 өзгерістер мен толықтырулармен).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Дін және теология» бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасын меңгерген оқу бітірушілердің кәсіби қызмет саласы: мемлекеттік басқару органдары; қоғамдық ұйымдарды; бұқаралық ақпарат құралдары; мәдениет мекемелері; академиялық және ғылыми-зерттеу ұйымдарын; жалпы және кәсіптік білім беру жүйесінің білім беру ұйымдарын қамтиды.

«Дін және теология» бағдарламасын меңгерген түлектердің кәсіби қызметінің объектілері қоғамдық коммуникацияның әлеуметтік институттары мен тәжірибесі; жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігі болып табылады.

Бакалавриаттың «Дін және теология» білім беру бағдарламасын меңгерген түлектер дайындалатын кәсіби қызмет түрлері: дүниетанымдық мәселелерді қамтитын гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі; білім беру және мәдениет мекемелерінде, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік билік органдарында ұйымдастыру-басқару, жобалау, ақпараттық және сараптамалық-талдау қызметі, сондай-ақ дүниетанымдық мәселелерді қамтитын гуманитарлық ғылымдар саласындағы оқытушылық қызмет.

Білім беру бағдарламасының негізгі мазмұны: әлеуметтік институт ретіндегі дін туралы, оның қоғамдық өмір жүйесіндегі орны туралы базалық, мазмұнды білім; негізгі діни және философиялық ілімдердің мазмұны туралы білім; дінтанушының аналитикалық, кеңес берушілік, ақпараттық, сараптамалық жұмыс саласындағы кәсіби қызметінің теориялық негіздері, базалық біліктер мен дағдыларға арналған тұжырымдар.

Шығармашылық емтихан сұрақтары мына мектеп курстары негізінде дайындалған: «Дінтану», «Адам. Қоғам. Құқық», «Өзін-өзі тану», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы».

Мамандық бойынша шығармашылық емтихандар шығармашылық мамандықтарға оқуға үміткер талапкерлердің әлеуметтік ұстанымдары мен мақсатты білім диагностикасын жасауға мүмкіндік алады, бұл өз кезегінде студенттер контингентінің сапасына кепілдік береді.

Шығармашылық сынақтарды өткізудің **мақсаты** талапкерлерді олардың болашақ кәсіби қызметі мен осы білім беру бағдарламасында оқу үшін қажетті шығармашылық дайындық критерийлері бойынша іріктеу, жеке жетістіктер рейтингін белгілеу жеке алғышарттары мен дінтану және философиялық білім беруді игеруі арқылы талапкерлердің дайындық деңгейін анықтау болып табылады.

Емтихан кезінде келесі **міндеттерді** шешу қажет:

- әр талапкердің кәсіби қызметке бейімділігін анықтау;
- гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша жалпы мектептік дайындық деңгейін анықтау;
- талапкердің кәсіби қызметке дайындығы туралы дінтану және философия аясында күзиретті мамандардың барлық комиссия мүшелерінің ортақ пікірін анықтау;
- талапкердің дін, мәдениет және қоғам саласындағы ақпаратты жинау, талдау, сыни тұрғыдан түсіну дағдыларын анықтау.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы офлайн және онлайн форматта өткізетін шығармашылық емтихандарды тапсырады.

2. Шығармашылық емтиханды онлайн-режимде тапсыру Шығыс Қазақстан облысынан алыс Қазақстан өңірлерінен келген талапкерлерге арналған, сондай-ақ карантиндік шараларды күшейту кезінде. Шығармашылық емтихан онлайн режимде болса, емтихан [ZOOM/meeting.cert.kz](https://zoom.us/j/1234567890) платформасы немесе пәндік комиссия мүшелері мен талапкерлерге қолжетімді кез келген басқа стримингтік платформа арқылы бейнеконференцбайланыс арқылы ұйымдастырылады. Талапкер комиссияның емтихан тапсыру барысын бақылауды жүзеге асыруы үшін жеткілікті сапалы интернет байланысы бар нүктеге қол жеткізуі, сондай-ақ техникалық, ұйымдастырушылық және этикалық сипаттағы өзге де талаптардың сақталуы үшін жауапты болады:

Онлайн емтихан тапсыруға арналған техникалық талаптар:

- Тұрақты қосылған интернет желісіне қолжетімділік;
- Емтихан тапсыру үшін жұмыс орнын көрсету функциясы бар бейнеконференцбайланыс үшін белгіленген бағдарламаның болуы;
- Веб-камерамен және микрофонмен жабдықталған компьютердің, ноутбуктың, планшеттің, смартфонның болуы;
- Емтихан тапсыру кезінде бөгде адамдардың (талапкердің өзінен басқа кез келген адамдардың) болмауы;
- Емтихан кезінде жұмыс орнынан кетуге және видеобайланысты үзуге тыйым салынады.
- Талапкердің және ол орналасқан бөлменің келбетке сай болуы.

3. Шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдау 20 маусым мен 10 тамыз аралығында 30-Гвардиялық дивизия көшесі, 34 мекен-жайы бойынша немесе сайтқа өтініш беру арқылы жүзеге асырылады www.vkgu.kz.

4. Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың күнтізбесіне орай 08 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

5. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе

орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

6. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына үміткерлері үшін бір шығармашылық емтихан тапсырылады.

7. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар үміткерлер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша үміткерлер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

8. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде «Дін және теология» білім беру саласы бойынша оқуға түсетін талапкерлер шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат (түпнұсқа);

2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

9. Шығармашылық емтихандар бейне-тіркеу арқылы өткізіледі.

10. Үміткер шығармашылық емтихандарды өткізу орнына рұқсаттамасын және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде рұқсат беріледі.

Шығармашылық емтиханға дәлелді себептермен келе алмаған және растайтын құжаттарды (талапкердің науқастануы, төтенше жағдайлар немесе жол-көлік оқиғалары, жақындарының қайтыс болуы) ұсынған талапкерлер шығармашылық емтиханға пәндік комиссия төрағасының атына жазбаша өтініш негізінде басқа уақытта, қосымша белгіленген күні (ЖОО белгілеген күні) шығармашылық емтихандардың аяқталу мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

11. Шығармашылық емтиханға растайтын құжаттары жоқ, дәлелсіз себеппен келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

12. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін талапкерлерге емтиханды өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

13. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомостімен, комиссия хаттамасымен еркін формада рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Онлайн режимде баға қою рәсімі:

Google нысандарын пайдалану арқылы ұпайлар қойылады. Комиссияның әрбір мүшесі осы нысанға қол жеткізе алады және оны баға қою арқылы онлайн

толтырады. Әрі қарай, орташа баға көрсетіледі. Комиссия мүшелері бағалауды талқылайды, даулы жағдайларды (туындаған жағдайда) шешеді және түпкілікті шешім қабылдайды.

14. Шығармашылық емтиханның нәтижелерін қабылдау комиссиясы емтихан өткізілетін күні жариялайды.

15. Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша талапкерге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ақылы негізде ЖОО-ға түсу үшін ведомостан көшірме (выписка) беріледі.

16. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін колледжден кейін кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін бір шығармашылық емтихан, нақты айтқанда **екінші шығармашылық емтихан** тапсырады.

17. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі береді, шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылдайды және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен рәсімделеді. Апелляция нәтижелері бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

19. Талапкердің мемлекеттік грантка түсуі туралы шешімді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылдайды және ресми ресурстарда орналастырылады

Мазмұны

«Дінтану және философия» білім беру бағдарламасына түсу үшін оқуға түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсыруы тиіс: «Дін негіздері бойынша ауызша емтихан» және «Кәсіби жарамдылығын анықтау үшін сұхбаттасу».

Бірінші шығармашылық емтихан – дін негіздері бойынша ауызша емтихан - 2025 жылғы 09 шілде және 12 тамыз сағат 09-00-ден 13.00-ге дейін және 14-00-ден 18.00-ге дейін төменде көрсетілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Емтихан өткізілетін орын: № 1 оқу ғимараты, мекен-жайы: 30-Гвардиялық дивизия көшесі, 34.

Шектеу шаралары күшейген жағдайда емтихандар ZOOM бағдарламасы бойынша онлайн режимінде қабылданады.

Күні	Уақыты	✓ Жолдама әрбір көрсетілген уақытқа рұқсаттамадағы реттік нөміріне сәйкес 20 талапкерден қабылданады, олар құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде алады (мысалы, сағат 9.00-де 1-ден 20-ға дейінгі реттік нөмірлері бар талапкерлер емтихан тапсырады,
9.07.2025	9.00 – 9.50	
	10.00 – 10.50	
12.08.2025	11.00-11.50	
	12.00- 12.50	
	14.00 – 14.50	

	15.00-15.50 16.50-16.50 17.00-17.50	ал 10.00-де 21-ден 41-ге дейінгі реттік нөмірлері бар талапкерлер емтихан тапсырады т.с.с.). ✓ Егер талапкер қандай да бір себептермен өз уақытында келе алмаса, онда ол емтиханға көрсетілген кестеден басқа уақытта келе алады.
--	---	--

Сұрақтар:

1. Діннің пайда болуы. Діннің алғашқы формалары (анимизм, тотемизм, магия, фетишизм)
2. Діни бостандық қағидасы: мағынасы мен қолданысы
3. Дін түсінігі
4. Қазіргі Қазақстандағы діндер
5. Адамзат тарихы мен мәдениетіндегі діннің рөлі
6. Қазіргі әлемде экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептері
7. Діндердің типтері мен түрлері
8. Қазіргі қоғамдағы дінаралық диалогтың маңызы (Қазақстан мысалында)
9. Тұлғаның қалыптасуындағы діннің маңызы
10. Дін мен философия. Өзара байланысу түрлері
11. Христиан дінінің негізгі бағыттары: католиктік, православтық және протестанттық
12. Дін және мораль
13. Дін және ғылым
14. Діни сенімнің мәні
15. Мифология және дін
16. Әлемдік діндер: түсінігі, сипаттамасы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары
17. Философия ғылым және оқу пәні ретінде
18. Дін мен философия тұрғысынан әлемдік құрылымды түсіну ерекшеліктері
19. Толеранттылық ұғымы
20. Қазіргі қоғамдағы философияның маңыздылығы
21. Сенім ұғымы. Адам мен қоғам өміріндегі сенімнің маңызы
22. Әр алуан діндер түсінігіндегі өмір мен өлім мәселесі
23. Библия христиандықтың қасиетті кітабы ретінде
24. Ғылым жүйесіндегі философияның орны
25. Қазіргі Қазақстан аумағындағы діни бірлестіктер
26. Политеистік және монотеистік діндер
27. Қазіргі Қазақстандағы ислам
28. Тарихымыздағы тәңіршілдіктің рөлі
29. Абай «Қара сөздеріндегі» діни сенім
30. Дінтану ғылым ретінде және оның құрылымы
31. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының түйінді идеялары
32. Қазіргі Қазақстандағы ислам діни мекемелері
33. Мифология. Тарихтағы мифологиялық жүйелердің мысалдары

34. Буддизм: пайда болуы және қалыптасуы
35. Исламдағы негізгі бағыттар. Ханафи мазхабының орны
36. Сопылықтың мәні. Қожа Ахмет Яссауи
37. Ислам және әділеттілік пен бейбітшілік принциптері
38. Ислам дініндегі негізгі мерекелер. «Құрбан айт» пен «Ораза айт»: олардың мәні мен маңызы.
39. Көрнекті мұсылман ғалымдары. Әл-Фараби мұрасы
40. Махмұт Қашқари мұрасы
41. Абай шығармасындағы махаббаттың үш түрі
42. Христиан дінінің негізгі мерекелері. Рождество мен Пасха: олардың мәні мен маңызы.
43. Құран - мұсылмандардың қасиетті кітабы
44. Мұхаммед пайғамбар және ислам дінінің пайда болуы
45. Қазақстанда христиандықтың таралуы

Ауызша жауап мыналарды қамтиды: талапкердің мектеп пәндерін оқу аясында алған дінтану білімі саласындағы білімін бағалауды ашатын ұсынылған сұрақтарға жауаптар.

Әрбір талапкердің ауызша жауабын комиссия мүшелері тыңдайды.

Талапкерлерге сұраққа жауап әзірлеу үшін 15-20 минут беріледі.

Талапкер емтихан кезінде алған билеттің сұрақтарына жауап береді. Емтихан онлайн форматта болған жағдайда, билеттер нөмірі кездейсоқ сандар генераторы бойынша анықталады (ауызша емтиханға билеттерді анықтап, тарату құралы). «Дінтану және философия» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушілердің әрқайсысы бірегей нөмірге ие болады.

Ауызша жауапқа қойылатын талаптар :

- билет сұрақтары бойынша білімі;
- философия мен дінтану негізін зерттейтіні туралы жалпы түсінікке ие болу, дінтанушылар мен философтардың әлеуметтік қызметтерін түсіну;
- жауаптың анықтығы (негізгі ойдың тұжырымы);
- дәлелдеменің жеткіліктілігі мен әртүрлілігі, диалогқа дайын болу;
- композицияның үйлесімділігі (мазмұндау логикасы);
- сауаттылық және ойлау мәдениеті.

Екінші шығармашылық емтихан (сұхбаттасу түрі бойынша) - 2025 жылғы 11 шілде және 14 тамыз айында төменде көрсетілген кестеге сәйкес 09-00 – ден 13-00-ге дейін және 14-00-ден 18.00-ге дейін өткізіледі.

Емтихан өткізілетін орын: №1 оқу ғимараты, мекен-жайы: 30 - Гвардиялық дивизия көшесі, 34.

Шектеу шаралары күшейген жағдайда емтихандар ZOOM бағдарламасы бойынша онлайн режимде қабылданатын болады.

Күні	Уақыты	✓ Жолдама әрбір көрсетілген уақытқа рұқсаттамадағы реттік нөміріне сәйкес 20 талапкерден қабылданады, олар құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде алады
11.07.2025	9.00 – 9.50	
	10.00 – 10.50	
	11.00-11.50	

14.08.2025	12.00- 12.50 14.00 – 14.50 15.00-15.50 16.50-16.50 17.00-17.50	(мысалы, сағат 9.00-де 1-ден 20-ға дейінгі реттік нөмірлері бар талапкерлер емтихан тапсырады, ал 10.00-де 21-ден 41-ге дейінгі реттік нөмірлері бар талапкерлер емтихан тапсырады т.с.с.). ✓ Егер талапкер қандай да бір себептермен өз уақытында келе алмаса, онда ол емтиханға көрсетілген кестеден басқа уақытта келе алады.
------------	--	---

Сұхбаттасуға арналған сұрақтар:

1. Болашақтағы діннің жағдайы туралы пікіріңізді білдіресіз бе?
2. Қазақстандық жастардың дінге деген көзқарасы ата-аналарының оған (дінге) деген көзқарастарынан өзгеше ме?
3. Философия дегеніміз не? Қазіргі жас адам философиясыз өмір сүре ала ма?
4. Ар-ождан бостандығы, діни сенім бостандығы дегеніміз не?
5. Ғаламтор (интернет) дін мен философия туралы қандай сұрақтарға жауап бере алады?
6. Қоғамның тарихи дамуының негізгі тұжырымдамалары. Олардың қажеттілігі неде?
7. Философия адам мәселесін қалай зерттейді? Оның мәні неде?
8. Абай және Шәкәрім. Тағдырлар мен көзқарастар
9. Адамзат тарихы мен мәдениетіндегі діннің рөлі
10. Қазақша аудармасы: Мифология мен діннің айырмашылығы неде?

Талапкерлерге жауап дайындау үшін 10 минуттан кем емес уақыт беріледі.

Сұхбаттасуға:

абитуриенттің жалпы білім беру дайындығы аясындағы дінтану, философиялық біліммен байланысты тақырыптар бойынша сұрақтарға жауаптары енеді.

Сұхбаттасу әрбір оқуға түсушімен кездейсоқ сандар генераторы бойынша ұсынылған (сұхбаттасу сұрақтарын бөліп, таратуға арналған құрал) сұрақ бойынша жеке өткізіледі.

Сұхбаттасуға қойылатын талаптар:

Талапкерге ұсынылған тізімнен сұрақтар, сонымен қатар оның дін туралы түсініктерін нақтылау, білім беру бағдарламасының материалын игеруге дайындығын, оның болашақ кәсіби қызметке қабілеттерін және саналы түрде кәсіби таңдауын түсіну мақсатында қосымша нақтылау сұрақтары қойылады. Бұл ретте пәндік комиссия талапкердің келесі кәсіби маңызды қасиеттерін бағалайды:

- адамдармен қарым-қатынас жасай білу және өзара әрекеттесу дағдылары (байланыс орнату);
- әңгімелесушіні тыңдай және ести білу (түсіне білу) қабілеті;
- сауатты және нақты сұрақтар қоюға қабілеттілік;
- әңгімелесуші баяндаған фактілерді есте сақтау қабілеті;

- алынған ақпаратты түсінікті тілмен жеткізе білу;
- оқиғаларды жылдам түсіне білуге, тиісті шешім қабылдай алуға қабілеттілік;
- шығармашылық ойлау;
- объективтілік;
- эрудициялық;
- өзін-өзі бақылау және тепе-теңдікті ұстай білу;
- басқа адамға деген қызығушылық таныту мен құрмет;
- өзін-өзі сынау және т. б.

ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:

Талапкер білуі тиіс:

- «Дінтану негіздері», «Адам. Қоғам. Құқық», «Өзін-өзі тану», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы» мектеп курстарының негізгі мазмұны;

- ҚР мен Халықаралық өмірдің ағымдағы күн тәртібі, ҚР дін, мәдениет және білім саласындағы мемлекеттік саясаты мен діни-саяси өмірінің ерекшеліктері;

- өзекті қоғамдық-саяси тақырыптар: қоғамның әлеуметтік мәселелері, діни жағдай, терроризм қаупі (оның ішінде діни экстремизм).

Талапкер істей алуы тиіс:

- болашақ мамандықты таңдау себептерін түсіндіру;

- тақырыпқа сай емтихан қабылдаушылармен әңгімелесуді еркін жүргізу;

- ҚР-ның дін, мәдениет және білім саласындағы мемлекеттік саясаты мен мәдени, діни-саяси өмір салаларының негізгі мәселелеріне сүйену;

- дәлелді түрде өз көзқарасын негіздеу.

Талапкердің дағдылары болуы тиіс:

- фактілерді іріктеу кезіндегі аналитикалық ойлау, қазіргі қоғамдық өмір құбылыстарын бағалау;

- жүйелі және дәйекті баяндау;

- еркін түрде өз ойын жеткізе білу, гуманитарлық білім саласында өз білімі мен эрудициясын көрсете білу.

Бірінші шығармашылық емтихан нәтижелерін бағалау критерийлері
толық оқу мерзіміне оқуға түсушілер үшін (50 балл)

«Үздік» баға 40-50 балл мынадай жағдайда қойылады:

1) талапкердің оқу материалын жан-жақты, терең және жүйелі түрде көрсете білуі, терминологиялық сөздікті дұрыс қолдана отырып, дәл, нақты дәйекті және қисынды түрде жауап беруі;

2) осы мәселе бойынша ол өз ойын нақты айтып, комиссия мүшелерінің сұрақтарына дұрыс жауап бере алады, және нақтылау сұрақтары бойынша жауапты кеңінен аша алады.

«Жақсы» деген баға 30-39 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

1) теориялық сұрақты толық және дұрыс айтса, бірақ мысалдар келтірмесе;

2) өз ойын дұрыс жеткізе алады, сұрақты толық ашуда қиындықтарға кездеседі, бірақ қосымша нақтылау сұрақтарына жауап беру арқылы қиындықты өткере алады.

«Қанағаттанарлық» деген баға 20-29 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

1) жауапта ол кейбір қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберіп алды, бірақ мысалдар келтірді;

2) жауапты нақты және анық баяндауда қиындыққа тап болады, терминологиялық сөздіктерде шатасады.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға 0-19 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

1) тақырыпқа қатысты даму тарихы мен мәселенің мәнін білмейді, ал жауап беру кезінде оқу материалын білудегі елеулі олқылықтар анықталды, бірқатар өрескел қателіктер жіберілді;

2) қоғамтану терминологиясына қатысты бағыт-бағдар жоқ.

Екінші шығармашылық емтихан (сұхбаттасу түрі бойынша) нәтижелерін бағалау критерийлері

толық оқу мерзіміне оқуға түсушілер үшін (50 балл)

«Үздік» баға 40-50 балл мынадай жағдайда қойылады:

Толықанды тереңдетіліп ашылған жауап, дін мен философия саласындағы білімнің тамаша деңгейін көрсету.

«Жақсы» деген баға 30-39 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Толық жауап, дін және философия саласындағы жақсы білім деңгейі.

«Қанағаттанарлық» деген баға 20-29 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Толық емес жауап, Дін және философия саласындағы білімнің орташа деңгейі.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға 0-19 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Жауап жоқ, дін мен философиядағы білім деңгейі төмен.

Екінші шығармашылық емтихан (сұхбаттасу түрі бойынша) нәтижелерін бағалау критерийлері

қысқартылған оқу мерзіміне түсушілер үшін (25 балл)

«Үздік» деген баға 20-25 балл келесі жағдайда қойылады:

Толықанды тереңдетіліп ашылған жауап, дін мен философия саласындағы білімнің тамаша деңгейін көрсету.

«Жақсы» деген баға 15-19 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Толық жауап, дін және философия саласындағы жақсы білім деңгейі. «Қанағаттанарлық» деген баға 10-14 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Толық емес жауап, Дін және философия саласындағы білімнің орташа деңгейі.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға 0-9 балл мынадай жағдайда қойылады, егер талапкер:

Жауап жоқ, дін мен философиядағы білім деңгейі төмен.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есим Г. Основы религиоведения.: Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения / Рекомендовано Министерством образования и науки Республики Казахстан.- Алматы, 2018.- 296

2. Основы религиоведения. Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения. Авт. Г.Есим, А.П.Абуов, К.К.Бегалинова, Е.М.Смагулов. – Алматы, 2014 г.

3. Протоиерей Олег Корытко Религии мира.– «Никея», 2022.

4. Василев Л.С. История религий Востока 8 изд. – Москва, 2006

5. А.П.Әбуов, Қ.Т.Қалилаханова, С.Б.Әлімқұлова, Г.Н.Жанұзакова, Ш.К.Закарьянова. Зайырлылық және дінтану негіздері 9-сынып. - Алматы, 2023.